«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

02-09/1025 №
23.04.2018 ж

«Compstar» ЖШС
Қостанай облысы, Қостанай
қаласы, Чернышевского 28

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 05.04.2018 жылғы №9839 (веб-порталмен келіп түскен) арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, Бейнеу ауданының әкімдігінің «Боранқұл орта мектебі» КММ (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) жаряилаған №2324259-2 санды «Интерактивті тақта» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде Сіздің арызыңызда көрсетілген мәселелер келесідей негіздермен ішінара өз дәлелін тапты.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (бұдан әрі - Қағида) 162-тармағында тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары өлшемшарттары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, оларға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар сараптау комиссиясының не сарапшының (ол болған жағдайда) қорытындысына сәйкес қолданылады делінген.

Сонымен бірге, Қағиданың 167-тармағында **сараптау комиссиясының не сарапшының қорытындысы болмаған жағдайда** конкурстық комиссия осы Қағидалардың **163-166-тармақтарында** көзделген өлшемшарттарды **қолданбайды** деп нақты көрсетілген.

Алайда, конкурстық комиссия ЖК «АНСАР»-ға Қағиданың 164,165-тармақтары бойынша негізсіз 8% пайыз шартты жеңілдік бергені анықталды.

Себебі, Ұйымдастырушы сараптау комиссиясын құрмағаны немесе сарапшы тартпағаны анықталды.

Сонымен бірге, конкурстық комиссия тарапынан Қағиданың 156-тармағының талабы бұзылып, ЖК «АНСАР»-дың конкурстық өтінімінде ұсынылатын тауардың Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына ерікті түрде сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес берілген құжаты ұсынылмасда негізсіз 2% пайыз шартты жеңілдік бергені анықталды.

Сонымен қатар, Қағиданың 153-тармағының екінші бөлігінде әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын **құжаттарды бермеген жағдайда конкурстық комиссия** мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты **жеңілдікті қолданбайды** делінген.

Осыған орай, Сіздің конкурстық өтініміңізде Қағиданың 156-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына **ерікті түрде сәйкестігін** растайтын құжаттың ұсынылмағаны және 159-тармағына сәйкес ұсынылған тауарлардың **экологиялық таза өнім** стандарттарына сәйкестігін растайтын құжаттың ұсынылмағаны анықталды.

Демек, конкурсттық комиссиялардың аталған сертифиткаттар бойынша шартты жеңілдік есептемеуі негізді.

Бұдан басқа, Қағиданың 150-тармағы 2-тармақшасында әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша **дәйексіз (недостоверный)** мәліметтер ұсыну фактісі анықталса конкурсқа жіберілмейді деп нақты көрсетілген.

Алайда, «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС-нің ақпараттық жүйесіне сәйкес Сіздің өтініміңізде ұсынылған **система менеджмента качество №0032395** және **система экологического менеджмента №0032396** сәйкестік сертификаттарын тексеру барысында аталған сәйкестік сертификаттар ЖК «Ишим» атына берілгені анықталды.

Демек, Сіздің тарапыңыздан **дәйексіз (недостоверный)** мәліметтер ұсынылуына байланысты конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілгеніңіз белгілі болды.

Осымен, Департамент тарапынан камералдық бақылау нәтижесі бойынша Ұйымдастырушыға анықталған бұзушылықтарды жою үшін хабарлама жіберілді.

Ұйымдастырушы хабарламамен келіспен жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылдағы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арызыңызға жауап мемлекеттік тілде берілді және 12-бабына сәйкес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Н.Жақайұлы
тел: 8/7292/ 31-90-92